



Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің басшысы
Г. Алматовқа

**Қазығұрт ауданы «Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі
шектеулі серіктестігіндегі мемлекеттік аттестаттау барысында
анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы
ЕСЕП МӘЛІМЕТІ**

**«Күншуақ» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің Мемлекеттік аттестаттау қорытындысына сәйкес
анықталған кемшіліктері:**

1. Бөбекжай - бақшаның 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында тәрбиеленушілердің контингентінің құрылымы 3-қосымшасы тізімі жас ерекшелігіне қарай талапқа сай топтастырылмаған.

Кемшіліктер түзетілді:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында» 4-тарау, 25-тармағына 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 жылғы контингентінің құрылымы 3-қосымшасы тізіміне сәйкестендірілді. 2025 жылдың 4-наурыз айында Түркістан облысындағы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін зерделеу барысында «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы кемшіліктерге байланысты 145 баладан, 85 балаға қысқарды, 2025 жылдың мамыр айында қайта конкурсқа өтінім білдіріп, Түркістан облысы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі комиссия отырысының №31 ХАТТАМАСЫНА сәйкес қосымша топқа 60 бала берілді. Қазіргі таңда «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы 120 баламен жұмыс жасап жатыр. Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://kunshuak.bb.edu.kz/> орналастырылды.

2. Бөбекжай - бақшаның педагогтері 5 жылдан асқан педагогикалық еңбек өтілі бар біліктілік санатын көтермеген – 3 (Төлебаева Г., Отинбаева Н., Чингисова Қ.).

Меңгеруші, әдіскер – Төлебаева Гулзада Бақытқызы өз еркімен жұмыстан босатылуына байланысты, орнына Абдулла Арайлым Спатайқызы қабылданды. Мамандығы: жоғары, бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі.

Тәрбиеші – Отинбаева Нурила Сайлауаовна жүктілікке және бала тууға байланысты демалысқа кетті. Орнына декреттік демалыста отырған Жузбаева Айгерим Абдумаликовна қабылданды. Мамандығы: жоғары, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.

Тәрбиеші – Чингисова Калдыкыз Куаткаевна өз еркімен жұмыстан босатылуына байланысты, орнына Туранкулова Айжан Каримбаевна қабылданды. Мамандығы: Жоғары, шетел тілі. Қосымша қайта даярлау дипломы, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу сертификаты алынды.

Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://kunshuak.bb.edu.kz/> орналастырылды.

3. Бөбекжай-бақшаның 2022-2023 оқу жылында қорытынды кезеңде жүргізілген мониторингке 6 топтан 150 бала қатысқан. Нәтижесінде, әдіскердің жиынтық кестесіне мекеме басшысы тарапынан бекітілмеген.

Кемшіліктер түзетілді:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 1-қосымшасым «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2-тарау, 20-тармағы, 2022-2023 оқу жылының қорытынды кезеңде жүргізілген мониторингке, әдіскердің жиынтық кестесіне басшы тарапынан қол қойылып түзетілді. Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://kunshuak.bb.edu.kz/> орналастырылды.

4. Бөбекжай – бақшаның 2024-2025 оқу жылында «Балапан» «Балдырған» ересек, «Балауса» «Қарлығаш» ортаңғы, «Айгөлек» «Ботақан» топтарында апталық циклограммаға әдіскер тексеріп қол қойылмаған.

Кемішіліктер түзетілді:

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесінің апталық циклограммаларына әдіскердің қол қойылып ұсынылды. Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://kunshuak.bb.edu.kz/> орналастырылды.

5. Бөбекжай – бақшаның күн тәртібінде ата-анамен әңгімелесу, кеңес уақыты 8:15 көрсетсе, апталық циклограммада ата-анамен кеңес уақыты 7:30 көрсетіп тұр. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 1-тарау, 2-тармақ 4) тармақшасына сәйкестендірілсін.

Кемішіліктер түзетілді:

2024-2025 оқу жылының тәрбиелеу білім беру процесінің апталық циклограммасына ата-анамен әңгімелесу кеңес уақыты түзетіліп, күн тәртібімен сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне <https://kunshuak.bb.edu.kz/> орналастырылды.

Балабақша меңгерушісі



Абдулла А.С.